

## Кіріспе :

«Менің Отаным - Қазақстан» туристік – өлкетану экспедициясы шеңберінде «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда өлкетанулық қызметін ұйымдастыруда «Музей белсенділері» өлкетану бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) мазмұндық, тақырыптық бағыты бойынша туристік – өлкетану, оқу – танымдық, іске асырылу мерзімі бойынша үш жылдық, ұйымдастыру түрі бойынша үйірмелік болып табылады.

Бағдарлама жалпы білім беретін мектепте білім алушылар мен қосымша теориялық даярлықты қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарлама мазмұны жеке тұлғаның шығармашылық мәдениетін қалыптастыруға, білім алушыларды жылпы азаматтық құндылықтарға танымдық өрісін кеңейтуге және өткен тәжірибені меңгеруге бағытталған.

«Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында көрсетілген Қазақстан тарихына енетін 10 креативті идеяның ең бастысы - патриотизмді қалыптастыруға бағытталғандықтан білім алушыларды өзінің кіші Отанын сүйуге, патриоттыққа тәрбиелеуге байланысты өзекті болып табылады.

Бағдарламаны құрастыруға Қазақстан Республикасының БІЛІМ ТУРАЛЫ Заңының (20.07.2007, №319-III, 01.01.16 ж) 37 – бабы «Қосымша білім беру» нұсқауы, Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015 – 5018 жылдарға арналған тұжырымдамасы (шығ: № 04-2-14/Д-524//1378 (п.22), Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (№227 22.04.2015, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясының «Патриоттық Акті» (26.04.2016) басшылыққа алынды.

Балалар мен жасөспірімдердің туризм және экология облыстық орталығында қабылданған оқу жоспарының тұжырымдамасына сәйкес үйірме бағдарламасы 144 сағатқа есептеліген. Сабақтың өту мерзімі аптасына екі рет (топқа бөлінбейді) өтеді.

## Түсінік хат.

2017 жылы сәуір айындағы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Туған жер» бағдарламалары жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыруға, өзінің туған жеріне, ауылына, қаласына, өңіріне деген сүйіспеншілікке сонымен қатар, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге бағытталған.

Өлкетану жұмыстарымен айналысу үшін мұғалім оқу жоспарына сай зерттеу объектісін, жұмыс түрі мен әдістерін таңдап оған үнемі басшылық жасайды. Іздену оқып үйрену барысында оқушылар белсенділік танытумен қатар бүтіндей оқу материалын меңгереді, білімдерін танымдық іс - әрекеттерін күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашақта қажетіне жаратады. Туған өлкесі туралы оқып үйреніп тарихи ұғымдарды қалыптастырады, өлке тарихы туралы материалдар жинақтайды.

Ғасырлардан ғасырларға жетер тарихты және мәдени ескерткіштерді қазіргі ұрпақ осы бастан жинап жасай бастауы керек. Кемеңгер А.Байтұрсыновтың нақылына құлақ түрсек: «Біздің заманымыз - өткен заманның баласы келер заманның атасы». Ата тарихты жинау қажет. Өзінің туып - өскен облыс, сүйікті қала мен ауылында қаншама тарихи сыр мен көне құнды жәдігерлер жатыр. Бір ғана елді – мекен мен көше атауларын, сол жерлерден табылған жәдігерлерді алып қараңызшы, бұл солардың кез келгеніне үңіліп, зерделей білсең, небір қызықты деректердің тоғысып жатқандығын айқындайды. Өскелең ұрпақ елдің өткені мен тарихы музей мен мұрағаттарда сақталған дүниелерден біліп, зердеге түйеді. Жас ұрпақты өзі де ізденіп ел тарихының толыққанды болуына үлестерін қосып, ұлттық және жергілікті музейдегі жәдігерлер санын арттыруға ұмтылыстарын жандандыру аталмыш үйірменің көздеген мақсаттарының бірі.

Жан – жақты зерттелген өлкетану материалдары музей қорын толықтырса келесі сатыда әрбір оқушының қоғам өміріне араласа алатындай дағдысына да жетекші бола алады, өйткені жұмыс ұжымдық түрде атқарылады, ортақ қызығатын істердің пайдалылығы, өз ісінің біреуге қажеттігін сезіне алатын жауапкершілік қалыптастырады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Жасұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, Отансүйгіштікке, азаматтықа, адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушыларының өзіндік дамуын, өзіндік ойлау қабілетін қалыптастыруға жағдай жасау, шығармашылық және интеллектуальдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеу қабілетін ашу. Туған өлкенің тарихи, мәдени, рухани мұраларын танып білуге, сақтауға баулу, туған жеріміздегі белгілі тарихи қайраткерлердің, әдебиетшілердің өмірлерін оқып - тану. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы құжаттарды іздестіру және жинастыру, ҚР тұратын халықтардың, ұлттардың салт-дәстүрін, мәдениетін танып білу. Бос уақыттарын тиімді пайдалануды, салауатты өмір салтын қалыптастыруды, туристік шеберлікті меңгеру және жетілдіруді көздейді.

### **Бағдарламаның өзектілігі:**

Бағдарлама жас ұрпақты туған өлкенің және қаланың тарихымен, танымал жерлестеріміздің өмірімен, өлке туралы аңыздармен, ата – бабамыздың салт – дәстүрі және әдет – ғұрпымен танысады. Жорық, экспедиция, экскурсиялар кезінде туристік дағдылар арқылы тәжірибелер жинақтайды. Жоғары кәсіби деңгейде музей жұмысын ұйымдастыруға, білікті экскурсоводтарды дайындауға, музей қызметінің негізгі түрлерімен, іздестіру - жинақтау жұмысына, музей заттарын зерттеу мен сипаттауға, музей коллекцияларын жасауға, экскурсиялар өткізуге қатысады.

**Бағдарламаның бағыты:** туристік – өлкетану.

Аталған бағдарламаның мазмұны мен бағыты өлкетану және туризм элементтерін оқытуда әрбір оқушының жеке көзқарасының қалыптасуына бірден – бір құрал болып табылады. Бағдарламаны іске асыру үшін өлкетанушылармен қатар, тәжірибелі туризм саласының ардагер мұғалімдері, еңбек және соғыс ардагерлерін кездесулер өткізіледі.

**Бағдарламаның жаңашылдығы** - туған өлкеміздің, аудан, ауыл және мектебіміздің тарихын оқытуда жергілікті өлкетану материалдарын пайдалана отырып, туризм мен өлкетануды біріктіру.

**Практикалық маңыздылығы** бағдарламаны әртүрлі тарихи, мұрағат және әдебиет көздері т.б. кешенді жұмыс дағдыларын жүргізу, оқушыларды экскурсовод және тарихшы мамандығына баулу.

**Бағдарламаның түрі:** Жаңартылған.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- туған өлкені танып білу жүйесінде туристік – өлкетану құралы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- отаншылдыққа, өзінің кіші отанының тарихи және мәдени құндылықтарына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

**Білімділік**

- өлке өміріне байланысты жанұяның, қаланың, тарихи тұлғалар туралы білімін кеңейту, іздестіру-зерттеу жұмысының негізін үйрену және өлкетанушы, журналист мамандықтарына баулу, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу;
- музей экспонаттарын жіктеу және жүйелеу негіздерін зерттеу;
- өз жұмысын жоспарлауға, жүйелендіруге, іс-әрекет алгоритмін құруға және жұмыста бірізділікті сақтауға үйрету.

**Дамытушылық**

- туған өлке тарихын өз бетімен оқуға деген құлшынысын оятуға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, өз бетінше іздестіру-зерттеу жұмысына үйрету арқылы туристік дағдыларын игеруге;
- туристік жорықтар мен жарыстарға қатысу арқылы шеберліктерін шыңдауға;
- алған біліктіліктері мен іскерліктерін практикада және күнделікті өмірде қолдана білуге;
- шығармашылық және іздестіру – зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын арттыруға;
- шешендікке баулуға бағытталған.

## **Тәрбиелік**

- кіші Отанымыздың, еліміздің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік және құрметпен қарауға;

- мәдени және тарихи құндылықтарды ұқыптылықпен қарау, мақсатқа ұмтылу және жауапкершілікке тәрбиелеу;

-өзіне деген сенімділікке, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу;

**Бағдарламаның ерекшелігі** - үйірме жұмысы оқушылардың дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады, зерттеу жұмысының әдістемесін меңгеруді және экскурсовод ретінде танылуға мүмкіндік береді

**Бағдарламаны іске асыру кезеңдері** – бағдарлама материалды үнемі күрделендіруге, оны бір деңгейден екіншісіне өту кезеңін меңгеруге сабақтасып, өзара байланысып отырады.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру.**

Үйірмеге қатысатын оқушылардың жас ерекшеліктері 8-15 жас. Бойларында күш – жігері көп жасөспірімдік жастағы балалар, олар дұрыс арнаға бағытталуы керек. Бағдарлама туристік - өлкетану қызметінің әр түрлі бағыттарына қатысу арқылы жасөспірімдердің шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі танытуына ықпал етуі тиіс.

**Топ құрамы** – оқу жылы бойы тұрақты, ал каникул кезінде - ауыспалы.

**Балаларды жинақтау ерекшеліктері** – топты жинау еркін түрде жүргізіледі. Оқу бірлестігінің жұмысына түлектер, мұғалімдер, ата-аналар, ардагерлер қатыса алады.

**Балалар саны** – оқу жылы бойынша:

1-оқу жылы – 15 адам.

2 –оқу жылы 10-12 адам.

**Қосымша білім беру бағдарламасының жүргізілу мерзімі.**

- білім беру жүйесінің ұзақтығы - 3жыл.

**Сабақ берудің тәртібі мен түрі.**

- жеке және топтық;

- практикалық және теориялық;

- ойын, әңгімелесу, лекция, экскурсия, жорық, экспедиция, конференциялар;

- семинар, пікірталас, байқау, викториналар, ауызша журнал, презентациялар.

Сабақ түрін тандау тақырыпқа, күрделілігіне, сондай-ақ білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Топ жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып жасақталады. Теория барлық топтарда бірдей оқытылады.

**Білім беру бағдарламасында** ата-аналармен жұмыс маңызды рөл атқарады.

Тек ата-аналармен тікелей қарым-қатынастың болуы және оқыту мен тәрбиелеу процесінің маңыздылығын түсінуі педагогке жоғары нәтижелер береді. Ата-аналар үшін баланың жетістіктерін бақылау маңызды.

**Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстардың түрлері:**

- ата-аналарымен сабаққа дейін және одан кейін жеке және топтық әңгімелесу;

- ата – аналарға арналған ашық сабақтар;

- ата – аналарды экскурсия, экспедицияларға, көрмелерге қатыстыру.

**Күтілетін нәтижелер және нәтижелілікті анықтау тәсілдері.** Бағдарламаны іске асыру нәтижесі тәрбиеленушілердің жеке өсуімен анықталады. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін сыртқы және ішкі деп бөлуге болады.

**Ішкі нәтиже:**

- музей кеңесінің тапсырмалары бойынша іздестіру топтарының жұмысы;
- музейдің тұрақты дамуы, оның экспонаттары санының артуы, жаңа материалдардың, бөлімдердің пайда болуы;
- іздестіру-өлкетану экспедицияларына балалардың қызығушылығын дамыту;
- балалардың рухани және мәдени құндылықтарды игеруі үшін қолайлы орта қалыптастыру;
- оқу-тәрбие жүйесін түзету және жетілдіру.

**Қатысушылар білуі қажет:**

- музей ісінің тарихы;
- өз өлкеңнің тарихы, қоныстанған халқы мен мәдениетін;
- музей ісін ұйымдастыру және негізгі теориясын;
- мұрағат құжаттарымен жұмыстанудың ережелерін;
- музей экспозицияларымен жұмыстануда қауіпсіздікті сақтау;
- экспонаттарды іріктеу критерийлері, экспозицияларды құру тәртібі;
- экскурсияларды өткізу және дайындау технологиясы;
- қор жұмысын ұйымдастыру.

**Қатысушылар білуі тиіс:**

- оқу сабақтарында, жорық, экскурсия, көпшілік шараларға қатысу және қоғамдық орындарға бару кезінде қауіпсіздік шараларының талаптарын орындауға;
- экскурсия, жорық, экспедицияларды дербес ұйымдастыруға;
- экспонаттар және құжаттармен мұқият жұмыс істеуге;
- жергілікті жерді бағдарлау;
- бивуак және шатыр құру;
- жинақталған материалдардан экспозиция рәсімдеуге;
- құжаттармен жеке жұмыстануға;
- зерттеу жұмыстарын жүргізуге;

**Біліктілік дағдыларын саралау:**

- тест, сынақ;
- орталық, аудандық, республикалық өлкетану оқуларына, іздестіру – зерттеу байқауларына, өлкетанулық олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференцияларға т.б. қатысу. Оқу жылы бойы баланың қызметін талдау, теориялық дайындығы мен практикалық дағдыларын тексеру жүзеге асырылады. Оқыту қорытындысы бақылау сабақтармен аяқталады. Қорытынды сабақтарына мыналар жатады: шығармашылық тапсырмаларды орындау, жобаны қорғау, экспозицияны жасақтау және рәсімдеу, есеп қорының кітабы, экскурсия маршрутын жасақтау, тақырыптарын жазу, өткізу;

**Музей белсенділері» үйірмесінің оқу – тақырыптық жоспары.  
I оқу жылы**

№ р/с	Бөлімдер және тақырыптар мазмұны	Барлық сағат саны	Сағат саны		Өтетін уақыты
			Теория	Практика	
<b>I – бөлім. Туған өлкеге саяхат.</b>					
1.1	Үйірмені жинақтау. Өлкетану және туризм негіздері. Өлкетану нысандары.	4	2	2	01-07.09
1.2	Туризм және өлкетану тарихы туралы түсінік.	4	2	2	26.09
1.3	Үйірме мүшелерін қауіпсіздік ережесімен таныстыру.	4	2	2	28.09
	<b>Барлығы:</b>	12	6	6	Қыркүйек
1.4	Туған өлкенің территориясы және халқы, тарихы туралы түсінік.	4	2	2	03-05.10
1.5	Музей – халықтардың материалдық және рухани мәдениеті	4	2	2	10-12.10
1.6	Облыстық тарихи - өлкетану музейіне саяхат. (Облыстағы аудан музейлерінің тарихын танып зерделеу)	4	2	2	17-19.10
1.7	Фото көрме: «Менің Оралым» материалдар жинақтау.	4	2	2	24-26.10
	<b>Барлығы:</b>	16	8	8	Қазан
1.8	Өлке тарихын танып білу Практикалық сабақ	4	2	2	02-07.11
1.9	Тарихи мәдени ескерткіштер – халық қазынасы	4	2	2	09-14.11
1.10	Өлке тарихы көше атауларында Іздестіру – зерттеу жұмысы.	4	2	2	16-21.11
1.11	Топографиялық білгілер. Жергілікті жерді бағдарлау	4	2	2	23-27.11
	<b>Барлығы:</b>	16	8	8	Қараша

<b>II. Музей - ғасырлар мұрасын сақтаушы</b> <b>Музей – құнды жәдігерлер сақталатын орын</b>					
2.1	Музей туралы түсінік. Музейдің жасақталу жолдары және алғышарттары.	4	2	2	4-7.12
2.2	Экспонат. Музейінің қоры туралы түсінік.	4	2	2	11-14.12
2.3	Естеліктерді жинау және өңдеу.	4	2	2	18-21.12
2.4	Музей экспозициясы және оны ресімдеу тәсілдері.	2	2		21.12
2.5	Шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу	4		4	25-27.12.
	<b>Барлығы:</b>	<b>18</b>	<b>8</b>	<b>10</b>	<b>Желтоқсан</b>
<b>III. Туристік – өлке тану экспедициясы қызметінің негіздері.</b>					
3.1	Экспедиция, жорықтарға дайындық. Жорық, экскурсияны жүргізу барысында қауіпсіздік негіздері	4	2	2	01-04.01
3.2	Жорықты өткізу тәртібі. Туристік жабдықтарды күту.	4	2	2	08-11.01
3.3	Туристік топ серуендеуде (экскурсияда) жорықта, экспозицияда.	4	2	2	15-18.01
3.4	Шаңғы жорығының негізгі ережесімен танысу.	4	2	2	22-25.01
	<b>Барлығы:</b>	<b>16</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>Қаңтар</b>
<b>IV. Менің кіші Отаным</b>					
4.1	Қазақстан Республикасындағы Батыс Қазақстан облысының орны және Орал қаласының тарихы	4	2	2	01-05.02
4.2	Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар тарихы, тарихи ескерткіштер, өзен - көлдері туралы түсінік беру.	4	2	2	08-12.02
4.3	«Мен, жанұям және мектебім»	4	2	2	15-19.02
4.4	Отбасы. Отбасы мұрағаты.	4	4	-	22-25.02

	<b>Барлығы:</b>	16	10	6	Ақпан
<b>V. Ақжайық арыстары (деректер жинақтау)</b>					
5.1	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің ерлік даңқы	4	2	2	01-05.03
5.2	Еңбек және тыл ардагерлері	4	2	2	07-12.03
5.3	Ауған соғысының батырлары	4	2	2	15-19.03
5.4	Танымал ғылыми - мәдени қайраткерлері	4	2	2	22-26.03
5.5	Танымал ақын-жазушылар	2	2		29.03
	<b>Барлығы:</b>	18	10	8	Наурыз
<b>VI. Экскурсоводтар мектебі.</b>					
6.1	Экскурсиялық бағыт – бағдар.	4	2	2	2-5.04
6.2	«Ғасыр жасаған – туған қалам» экскурсиялар ұйымдастыру.	4	2	2	9-12.04
6.3	Экскурсияларды өткізу барысында қарым – қатынас дағдыларын жетілдіру.	4	2	2	16-19.04
6.4	Мен экскурсоводпын ойыны.	4	2	2	23-26.04
	<b>Барлығы:</b>	16	8	8	Сәуір
<b>VII. Ізденген еңбек жемісі. Қорытынды.</b>					
7.1	Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, мұрағаттармен жұмыстану	2	2		
7.2	Ғылыми орталық және ізденуші.	2	2		
7.3	Бағынды сына жас ғалым.	2	2		
7.4	«Музей белсінделері - жорықта»	10		10	
	<b>Барлығы:</b>	16	6	10	Мамыр
	<b>Барлық сағат саны:</b>	<b>144</b>	<b>72</b>	<b>72</b>	

Жорықтар мен экскурсияларға - 36сағат беріледі.

Сыныпта дәріс беруге - 72 сағат беріледі.

Практикалық сабақ - 36.

Барлық сағат саны – 144.



## **Оқыту бағдарламасының мазмұны. «Музей белсенділері». І ші оқу жылы.**

### **I - бөлім. «Туған өлкеге саяхат»**

#### **1.1. Өлкетану және туризм негіздері. Өлкетанудың зерттеу нысандары.**

Оқушылардың туризм және өлкетану туралы түсініктерін қалыптастыру. Өлкетанудың зерттеу нысандары: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Туристік-өлкетану үйірмесінің мақсаты мен міндеттеріне тоқталу. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасауда адам денсаулығын нығайтуға тигізетін әсері. Жорықтар бұлшық ет қозғалысын дамытып қоймай, сонымен қатар жүрек, өкпе және адам ағзасының басқа да мүшелерін нығайтатындығын ұғындыру. Жорықтар кезінде көптеген қызықтар мен жаңалықтарды үйретіп, қоршаған ортадағы табиғат аясымен, адамдардың қолымен жасалған орындармен танысып, өңірде жүру ережесін сақтау, өзін және өз жолдастарын /жол айрығы/ күте білу, туристік өмірдегі эпизодтарды бақылап қызықты жерлерді суретке түсіру.

**1.2. Туризм және өлкетану тарихы туралы түсінік.** Батыс Қазақстан облысының өлке тарихынан білімдерін кеңейту. Облыстың ауқымы, әкімшілік бөлінісі, географиялық нысандары туралы түсінік. Табиғаты, өзен-көлдері, қазба байлықтары, жануарлар дүниесімен танысу.

#### **1.3. Үйірме мүшелерін қауіпсіздік ережесімен таныстыру.**

Қауіпсіздік шаралары. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандырудың және өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Сақтандыру құралдары. Туристік түйіндер, кеуде бекіткіші және оны қолдану тәсілі. Сақтандыру түрлері: біруақыттық, кезекті, топтық және өзін-өзі сақтандыру. Сақтандыру орнын таңдау және дайындау. Жоғарғы және төменгі сақтандыру. Арқан арқылы жоғарыға шығу және төменге түсу. Жорық кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу. Өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің жоспарын жасау технологиялары, шартты белгілер;

**1.4. Туған өлкенің территориясы және тұрғын халқы, тарихы туралы түсінік.** Батыс Қазақстан өлкесінің жер көлемі, территориясы, тарихы. Б.з.б. 2 - мыңжылдықтың басында Еділ-Жайық өңірінде кешенді мал, егін шаруашылығы қалыптасуы. Ежелгі Грек ғалымдарының еңбектері. Орта ғасырлық Жайық қалашығы, Сарайшық қалашығы. Өңірімізде өмір сүрген тайпалар тарихы.

#### **1.5. Музей - халықтардың материалдық және рухани мәдениеті**

Музей туралы түсінік беру. Шығу тарихы. Құрылымы туралы деректер.

#### **1.6. Облыстық тарихи - өлкетану музейіне саяхат.**

Облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат т.б. туралы түсінік беру.

### **1.7. Фото көрме: «Менің Оралым» материалдар жинақтау.**

Халқымыздың біртуар ұл – қыздарының атын өшірмеу, іздерін жоғалтпау, еңбектерін еш етпеу. Ұлыларымызды ұлықтау, ардақтау, халқы үшін еткен еңбектерін дәріптеу арқылы бүгінгі ұрпақты ұлтжандылыққа, елдік пен ерлікке, отаншылдыққа тәрбиелей отырып фото көрме ұйымдастыру. Алаш көсемдерінің жас ұрпаққа паш ету.

### **1.8. Практикалық сабақ:**

**Өлке тарихын зерттеу.**

### **1.9. Топографиялық зерттеу, жергілікті жерді бағдарлау**

### **1.10. Тарихи және мәдени ескерткіштер – халық қазынасы.**

Архитектуралық тарихи ғимараттар. Қаламыздағы архитектуралық ескерткіштер туралы түсінік беру. Жер - су атауларының тарихын айтып түсіндіру, картадағы жер- су атауларын оқып үйрену. Орал қаласының тарихы. Жайық қалашығы т.б. археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау. Қаладағы ескерткіштер. Даңқ, «Европа-Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаевтың, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масиннің және М.Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіндерінің авторлары мен қала тарихымен байланыстылығы

### **1.11. Өлке тарихы - көше атауларында. Іздестіру-зерттеу жұмысы**

**Практикалық тапсырма:** «Орал», «Курени», «Хан тоғайы» т.б. атаулардың шығу төркіні. Әр оқушы өзінің туған ауылының атауын зерттеу. Картамен жұмыс жасау.

### **2.1. Музей - ғасырлар мұрасын сақтаушы**

**Тарихи музейлердің пайда болуының алғы шарттары.**

Тарихи-мәдени және табиғи мұралары туралы түсінік беру. Мұралардың болмыс формалары. Мұра объектілерін қорғау. Мұра объектілерін қорғау және пайдалану тәсілі ретінде музейлендіру. Өлкетану - мұраларды зерттеу мен анықтаудың кешенді әдісі ретінде жүргізіледі. Мұраларды сақтау және пайдалану тәсілі ретінде музей жасақтау тәртібі.

**Музей жұмысының мақсаттары мен міндеттері:** Батыс Қазақстан облысы музейлер ісі. Мемлекеттің және жеке музейлер. Музей - қорығы, үй музейі, музей - көрме. Музей ісінің негіздері. "Мінез-құлық мәдениеті" түсінігі. Музейдегі тәртіп ережелері.

### **Практикалық сабақ**

Бейнелеу құралдарының көмегімен қоршаған әлем, уақыт, мәдениет, мәдени мұра, музей маңызы бар зат, түпнұсқа, көшірме, қалпына келтіру негізгі ұғымдарын тұжырымдау. "Музей қымбат мұра" атты шығармашылық жұмыс. Музейлерге бару, олардың жұмысымен танысу.

«Мектеп - ұмытылмас музей» оқушыларының "Менің Отаным Қазақстан" туристік - өлкетану слеті, оның мақсаты, міндеттері, қатысушылары, бағдарламаларымен танысу. Жинақтау жұмысының міндеттері, оның музейдің профилімен және тақырыптарымен, туристік-өлкетану экспедицияларының мазмұнымен байланысы. "Музей" ұғымының мәні, оның рөлі. Музей жұмысын реттейтін құжаттар. "Білім беру мекемесінің музейі

туралы үлгі ереже" - ұйымдастырылуы мен қызметі бойынша негізгі құжат. Әр түрлі бейіндегі музейлердің мәні мен спецификалық ерекшеліктері мен қызметі. Музей белсенділер кеңесі, оның мүшелері арасында міндеттерді бөлу, мұражай активі.

## **2.2. Мектеп музейі қоры**

Мектеп музей жиналысының құрамы мен құрылымы: Негізгі және ғылыми-көмекші қорлар, мұражай коллекциялары. Қорлар мен коллекцияларды қалыптастырудың негізгі принциптері. Музей қорларын есепке алуды ұйымдастыру. Музей заттарының сақталуын қамтамасыз ету: сақтаудың температуралық - ылғалдылық және жарықтық режимі. Музей заттарын қалпына келтіру және оларды мемлекеттік және муниципалдық музей мен мұрағаттар қорларына беру. Музейге не сақтауға болмайды. Отбасылық фотоальбом. Туыстарының, соғысқа қатысушылардың, тыл қызметкерлерінің фотосуреттері мен құжаттары. Медальдар, ордендер, басқа да марапаттар.

**Экспонат.** Музей экспонатының ақпараттық әлеуеті. Экспонат - материалдық мәдениет ескерткіші. Музей пәні ғылыми білімнің көзі ретінде. Музей заттарының түрлері мен топтары. Музей заттары мен ғылыми-көмекші материалдар. Заттың тууы, заттардың өмірі. Музей заттарын есепке алу және ғылыми сипаттау міндеттері. Музей қорларын есепке алу жүйесі: Басты түгендеу кітабы, түгендеу кітаптары және коллекциялық тізімдемелер, музей заттары паспорттары және қосымша картотекалар. Музей заттарының атрибуциясы туралы түсінік. Музейінің экспонаттарымен басқа музей мекемелерімен және жеке тұлғалармен өзара алмасу.

## **Практикалық сабақтар**

Ұсынылған музей заттарын жіктеу. Фотосуреттерді, отбасылық жәдігерлерді сақтау ережелерін қалыптастыру, экспозициялық жұмыстың кезеңдері мен тәсілдерін өңдеу.

**2.3. Естеліктерді жинау және өңдеу.** Естеліктерді жинау және өңдеу ережесі. Сауалнама жүргізу және сұхбат жүргізу ережелері. Сұрақ бойынша ақпараттармен жұмыс. Сауалнамаға, сұхбатқа қойылатын заманауи талаптар. Ақпараттандырушылардың сауалнамасын өңдеу. Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен, жерлестерімен хат алмасу: хаттарды ресімдеу ережесі, адресаттарды анықтау, жауаптарды тіркеу, музей қорына құжаттарды ресімдеу.

Практикалық сабақтар Отбасы мүшелеріне, туыстарына сауалнама жүргізу және сұхбат жүргізу.

**2.4. Музей экспозициясы және оны ресімдеу тәсілдері.** Музей экспозициясы. Негізгі бөлім: Экспозициялық материалдар, музей заттары, көшірмелер, мәтіндер, көрсеткіштер және т.б. Мектеп музейіндегі экспозиция. Музей экспозициясындағы мәтіндер, олардың мақсаты. Мазмұндық және ілеспе мәтіндердің түрлері. Экспонаттарға зат таңбаларды жасау ережелері. Экспозиция да мәтіндерді орналастыру тәсілдері. Музей материалдарының ғылыми анықтамасы және сипаттамасы. Жиналған заттар мен құжаттардың шифры. Музей материалдарын қабылдау және беру тәртібі. Экспозицияларды жіктеу.

## **Практикалық сабақтар**

Музейдің тұрақты экспозициясымен танысу. Мектеп мұражайындағы экспозицияның мазмұны, құрылымы және безендірілуі бойынша талдау. Үй музейі үшін жинау жұмысы. Ауыспалы экспозиция жобасын жоспарлау. Тізбекті іздеу тақырыбы бойынша ауыспалы экспозицияны әзірлеу және құру. Мектеп музейіне экскурсия жасау. Жыл бойы жүргізілетін жұмысты жоспарлау.

### **3. Туристік-өлкетану экспедициясы қызметінің негіздері**

**3.1. Жорыққа, экспедицияға дайындық.** Экскурсияларды, жорықтарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік негіздері. Туристік серуен, экскурсия, жорық, экспедиция кезіндегі тәртіп ережелері. Қаладағы, көліктегі тәртіп ережелері. Оқу және демалыс мекемелерінде, мұражайларда өзін-өзі ұстау ережелері. Шанышқы-кесетін заттарды, электр құралдарын, тұрмыстық химия заттарын және дәрі-дәрмектерді пайдалану ережесі. Өрт қауіпсіздігі және төтенше (авариялық) жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелері. Авариялық қызметтердің телефондары. Туристік (экскурсиялық), экспедициялық топ басшысының талаптарын орындау қажеттілігі. Жорықтағы өзара көмек. Оқушыларымен, тәрбиеленушілерімен туристік жорықтарды, экспедициялар мен экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықпен" танысу.

**3.2. Жорықты өткізу тәртібі оны ұйымдастыру ережесі.** Туристік жабдықтарды күту экспедицияны ұйымдастыру кезеңдері. Топтағы лауазымдар мен тапсырмаларды бөлу. Алынған лауазымға сәйкес экспедиция кезеңдері бойынша жеке қызметті жоспарлау. Маршрутты жоспарлау және әзірлеу. Туристік схема және топографиялық карта, маршруттық құжаттар. Жорық, экспедиция өткізу туралы есеп.

**3.3.** Туристік серуендеуге, экскурсияға, жорыққа, экспедицияға арналған жеке туристік жабдықтар. Топтық жабдыққа қойылатын талаптар және оны күту ережесі. Шатырлар, олардың түрлері мен мақсаты. Ас үй және от жабдықтары. Өнімдерді орауға қойылатын талаптар. Рюкзакты қалай, гигиеналық талаптарды сақтау. Табиғатты бақылау және қарапайым өлкетану тапсырмаларын орындау үшін жабдықтар.

### **Менің кіші Отаным.**

#### **4.1. Батыс Қазақстан облысының және Орал қаласының тарихы.**

Батыс Қазақстан облысының территориясы, шекаралас аймақтары, орталығы, облыс құрамындағы әкімшілік – аумақтық бөліністер, қала типтес кенттер, халқы, халық саны мен ұлттық құрамы, білім беру орындары т.б. баяндалады. Батыс Қазақстан облысы ауданының физикалық-географиялық және экономикалық сипаттамасы.

**Практикалық сабақ.** Кітапхана қорларымен жұмыс. Ескерткіш орындарына экскурсия. Табиғи ескерткіштермен танысу. Фотоаппараттармен, диктофондармен жұмыс істеу, музейге, экспозицияларға арналған материалдарды іріктеу.

**4.2. Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар тарихы, тарихи ескерткіштер, өзен – көлдері туралы түсінік беру.** Облыс тарихы. Қазақстан Республикасы және Орал қаласының топонимикалық

ескерткіштері. Практикалық сабақтар. Топонимдер бойынша материалдарды жинау және рәсімдеу. Практикалық сабақтар "Менің кіші Отаным" мультимедиялық презентацияны монтаждау.

#### **4.3. Мен, жанұям және мектебім.**

Айдарында мектеп тарихынан сыр шертеді. Білім ошағының ашылған күнінен бастап бүгінгі күнге дейін тыныс тіршілігінен мәлімет беру.

Музейлердің жабдықталу барысына кеңінен тоқталып, түсінік беру.

Ұлағатты ұстаздар атын дәріптеу, мектеп түлектері мақтанышымыз аясында бұрыштар шығарып мектеп жетістіктеріне қуана білу, ұстаздар мен өнегелі – үлгі түлектерге еліктеу.

**Практикалық сабақтар.** Мектеп шағын ауданының жоспар-сызбасын құру және ғимарат пен құрылыстың мақсатын көрсете отырып, шартты белгілермен сызу. Мектеп ауласы мен мектеп жоспарын оқу. Мектеп шағын ауданының аумағы мен жақын айналасы бойынша әр түрлі ғимараттар мен құрылыстардың (тұрғын, сауда, мәдени-демалыс және т.б.) белгіленуін анықтау және оларды жергілікті жердің жоспарына енгізу арқылы экскурсия.

#### **4.4.Отбасы. Отбасылық мұрағат. Отбасы тарихы дегеніміз не?**

Отбасылық аңыздар, дәстүрлер мен жәдігерлер. Менің туыстық ағашым.

Отбасылық Мұрағат. Отбасы тарихындағы естелік оқиғалар. Отбасы мүшелерінің өмірбаяндары. Тектік кестелерді құру. Туыстардың әңгімелері мен естеліктерін қалай жазуға болады? Менің көшем, ғимараттардың сәулеттік ерекшеліктері.

#### **Практикалық сабақтар**

Отбасы мүшелерінің туған өлкесінің тарихымен байланысты оқиғалар туралы естеліктері мен әңгімелерін жазу. Тектік кестелерді құру. Отбасылық жәдігерлерді іздеу. Отбасылық мұрағаттар мен жәдігерлердің сипаттамасы. Жиналған материалдарды талқылау.

### **5. «Ақжайық арыстары»**

#### **5.1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің ерлік даңқы.**

Оқушыларға Ұлы Отан соғысы кезіндегі Батыс Қазақстан облысынан шыққан батырлар туралы түсінік беру. Е.Орақбаев, М.Жүнісов, М.Абдулов, С.Жаксұғұлов Х.Доспанова т.б. өмірі, ерліктері туралы түсінік беру.

Оқушыларға еңбек және тыл ардагерлері туралы түсінік беру.

Оқушыларға Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбек еткен батырлардың өмірі, атқарған еңбектері туралы түсініктерін кеңейту.

#### **5.2. Еңбек және тыл ардагерлері.**

Оқушыларға Орал өңіріндегі найза ұшын тіреген, білек күшін білеген батыр бағландардың ел басына күн туғанда ен даланың төсінде туған жерін, ел бірлігін, жер тұтастығы жолында елін жаудан қорғаған ержүрек батырлар туралы түсінік беру. Еңбек және тыл ардагерлерінің өмірі, атқарған қызметтерін нақты деректермен баяндайтын мақалалардың, әр қилы тарихи кезеңдер мен уақиғалар хақында түсінік беру.

#### **5.3. Ауған соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің ерлік даңқы.**

Оқушыларға ауған соғысына қатысқан батырлар туралы түсінік беру.

Ауған соғысы кезіндегі батырлардың өмірі, ерліктері туралы түсінік беру.

«Өлкені оқып үйренеміз!».

#### **5.4. Танымал ғылыми – мәдени қайраткерлері.**

Оқушыларды Орал өңіріндегі танымал қоғам қайраткерлерінің өмірімен, еңбектерімен таныстыру. Материалдар іздестіріп танымдық белсенділіктерін арттыру. Жайықтың жайсаңдары. Жайсаң Ақбай «Алшын-От-Ана» еңбектері. Орал өңірінің өлкетанушысы Жайсаң Ақбай туралы түсінік беру.

**5.5. Танымал ақын жазушылар.** Оқушыларға Батыс Қазақстан облысындағы танымал, қоғамдағы орны ерекше тұлғалар туралы түсінік беру. Оқушыларға танымал: ғылым, ақын-жазушылар, мәдениет, мемлекет, сортшылар, білім т.б. қайраткерлер туралы мағлұмат беру. Көнекөз қариялармен кездесу, сұхбат алу, материалдар жинастыру. Альбомдар жасау, Рефераттар жазу. Орал өңіріндегі өлкетанушылар, тарихшылар, археологшылар туралы деректер, еңбектері.

### **6. Экскурсоводтар мектебі**

**6.1. Экскурсиялық бағыт – бағдар.** Қарым-қатынас мәдениетін меңгерту жолдары. Балалар мен ересектердің өзара қарым-қатынас этикасы. Коммуникативтік мәдениетті меңгеру жолдары. Тұрғындармен сұхбат жүргізуер ежелері. Әлеуметтік сауалнама жүргізу.

#### **6.2. «Ғасыр жасаған – туған қалам» экскурсиялар ұйымдастыру.**

Қаламыз туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше жинау. Орал қаласының тарихына шолу жасап, туған әсем қаланың көріністеріне саяхаттар жасау. Қала және музей ішіне экскурсияларды дайындау және өткізудің негізгі принциптері. Жаңа құрылған экспозиция бойынша мектеп музейінде экскурсия мәтінін ұжымдық құру ережесі. Музейде экспозиция бойынша экскурсияны ұжымдық өткізу технологиясы.

**Практикалық сабақтар.** Әртүрлі экскурсияларды (елді мекен бойынша, музейде, ескерткіш орындар бойынша) тыңдау.

**6.3. Экскурсияларды өткізу барысындағы қарым – қатынас дағдыларын жетілдіру.** Шығармашылық белсенділікті дамыту. Практикалық сабақтар "Ардагерлерге арналған открыткалар", "Ардагерлерге арналған сыйлықтар", "Біздің отбасындағы ардагерлер" ардагерлер естеліктерін жинау және ресімдеу.

#### **6.4. Мен экскурсоводпын ойыны. Практикалық сабақтар**

Музейлік жиналыстың құрылымын әзірлеу, негізгі және ғылыми-қосалқы қорларды, тақырыптық, жүйелі және жеке коллекцияларды қалыптастыру бойынша ойын - практикум. Меншікті "Үй музейі" инвентарлық кітабын жасау.

### **7. Ізенген еңбек жемісі. Қорытынды.**

#### **7.1. Туған өлкеге арналған кітаптар көрмесі. Кітапхана, мұрағаттармен жұмыстану.**

Кітапханамен қалай жұмыс жүргізуді үйрету. Қала музейімен тығыз байланыс орнату. Қала, мектеп музейлерімен танысу. Ондағы заттай жәдігерлермен таныстыру. Мұрағат материалдарымен танысу. Мұрағатпен жұмыс жүргізуді үйрету. Мұрағат материалдарымен шығармашылықты арттыру. Тарихи терминдермен жұмыс. Тарихи ғимараттың қай жылы

салынғандығы, архитекторы, тарихы туралы іздестіру – зерттеу жұмыстарын жүргізу. Тарихи терминдермен таныстыру, сілтеме жасауды үйрету. Кітапханамен байланыс орнату. Х.Есенжанов атындағы, Ж.Молдағалиев атындағы кітапханалармен байланыс жасау. Жан-жақты білуге деген құмарлығын арттыру.

### **7.2.Ғылыми орталық және ізденуші.**

«Оқып үйрен ғалым бол». Ғылым жолына бағыттау. Ғылым баспалдағы шығармашылық ізденісінен басталады. Ғылым жолы туралы түсінік беру, ЖОО-на барып, ғылыми жетекші бекіту, жұмысын тексерту тапсырмалар алу. Тақырыпты талдау, мақсат, жоба бағдарламасын белгілеу, күнделік арнау, саяхатқа шығу. Карта бойынша жұмыс жасау жолдарын меңгерту, теориялық білімдерін жетілдіру. Картографиялық, жұмыс жүргізуді үйрету. Оқиға болған жерлерді фотоға түсіру және картаға белгілеу. Зерттеу объектілерін контур картаға түсіру. Ғылым баспалдағы шығармашылықтан басталады. Психологиялық ерекшеліктерін, білім деңгейін, мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыпты таңдату.

### **7.3. Бағынды сына жас ғалым . Ізденген еңбек жемісі**

Оқушылардың ғылыми жұмысын мектепшілік қорғау. Материалдар іздестіріп, танымдық белсенділігін арттыру. Ел аузында қалған мұраларды жинастыру. Ұрпақтары мен сұхбат жүргізу. Тарихи куәгерлердің әңгімелерін жазып алу. Отбасы құжаттары мен фото шежірелер және отбасы тарихы туралы материалдарымен танысу. Ғылыми жұмыспен айналысу. Бағынды сына жас ғалым.. Жыл бойы өткен тақырыптарды қорытындылау. Оқушыларды ғылыми конференцияларға қатыстыру, бақтарын сынау. Облыстық, Республикалық сайыстарға дайындау.

### **7.5. «Музей белсенділері» - жорықта.**

Қаладағы мұражайдағы құжаттар мен жәдігерлерден басқа тыңнан жаңа мәліметтерді өз бетінше жинау. Жәдігерлер қатарын толықтыру. Орал қаласының тарихына шолу жасап, туған әсем қаланың көріністерін тамашалау туристік жорықтар, экспедициялар жасау.

### **Педагогқа арналған әдебиеттер тізімі.**

1. Қазақстан тарихы журналы. 2006 жыл. №1,2,3,4
2. Қазақстан тарихы журналы. 2007 жыл. № ,3,4,5,6,
3. Батыс Қазақстан энциклопедиясы. 2002 жыл. Алматы баспасы.
4. «Турист- ізкесушілер» О.Свещников.
5. Туризм. В.И.Курилова.
6. О.Свещников. «Мектеп оқушыларына арналған туристік-өлкетану қызметінің бағдарламасы».
7. Т.Жездібаев. «Жас туристерге кеңес».
8. Д.Д. Байдалиев. «Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау»
9. «Экскурсоведение». Б.В.Емельянов. Оқыту құралы, 2002 жыл

### **Балаларға арналған әдебиеттер тізімі.**

1. «Мектеп музей қорының сақталуы және есебі». Әдістемелік нұсқаулық - 1976. Фоломеев В А., Шкурко А.И.
2. «Өлкетану және құжат ескерткіштері» Шмидт СО. - Тверь, 1992.
3. Жас өлкетанушы. Балаларға және жасөспірімдерге арналған ғылыми танымал журнал. 2006 г. «Мектеп кітапханасы» баспаханасы
4. «Мектеп музейі және жинақтау» , Решетников Н.И. 2005г.